	<p align="center">Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда медициналық жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны</p> <p align="center">Процесс картасы</p>		<p align="center">СМЖ НП ПК 01 – 2026</p>
	<p align="center">«Оқу-әдістемелік және ғылыми - әдістемелік істер»</p>	<p>Ереже</p>	<p align="center">Басылым 2 Дана №1 Бет 1 -11</p>

Әдістемелік кеңестің
отырысында қаралды
және мақұлданды

Хаттама № 7

02 " 09 " 2025 жыл



«Бекітемін»
Қызылорда жоғары медициналық
колледжіннің директоры


Қатмакова Ж.А.

2025 жыл




«СТУДЕНТКЕ БАҒДАРЛАНҒАН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ»

ЕРЕЖЕ

	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда медициналық жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Процесс картасы		СМЖ НП ПК 01 – 2026
	«Оқу-әдістемелік және ғылыми - әдістемелік істер»	Ереже	Басылым 2 Дана №1 Бет 2 -11


АЛҒЫ СӨЗ

1.Әзірлеуші	Директордың оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Л.Т Байгабылова колледж әдіскері А.Ә Сейлханова	қолы	02.09.2025
2.Тексеру жиілігі	5 жыл		
3.Орнына енгізілді			
4.Таратылды	Директордың орынбасарларына, бөлім меңгерушілеріне, бірлестік жетекшілеріне, пән оқытушыларына, колледж заңгеріне, топ жетекшілеріне, штаттан тыс оқытушыларға		
5.Бекітіліп, қолданысқа енгізілді	Оқу-әдістемелік бөлім отырысында Хаттама № 1 2025 ж		
6. Келісті	Колледж директоры Ж.А Калмакова	_____	02.09.2025
	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Е Абдиканиева	_____	02.09.2025
	Директордың тәжірибе ісі жөніндегі орынбасары А.А Сейтоба		02.09.2025
	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Т Молдраймова	_____	02.09.2025

	<p align="center">Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда медициналық жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны</p> <p align="center">Процесс картасы</p>		<p align="center">СМЖ НП ПК 01 – 2026</p>
	<p align="center">«Оқу-әдістемелік және ғылыми - әдістемелік істер»</p>	<p>Ереже</p>	<p align="center">Басылым 2 Дана №1 Бет 3 -11</p>

Мазмұны

1	Жалпы Ережелер	4
1.2	Мақсаты	4
1.3	Міндеттері	4
2	Студентке бағдарланған оқытудың негізгі қағидаттары	4
3	Студентке бағдарланған оқытуды іске асыру нысандары	5
4	Білім алушылардың құқықтары	6
5	Оқытушылардың міндеттері	6
6	Білім алушыларға академиялық қолдау көрсету	6
7	Кері байланыс және білім алушылардың қатысуы	6
8	Мониторинг және тиімділікті бағалау	8
9	Жауапкершілік	9
10	Қорытынды ережелер	9
	Қосымша	10-11

	<p align="center">Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда медициналық жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Процесс картасы</p>		<p align="center">СМЖ НП ПК 01 – 2026</p>
	<p align="center">«Оқу-әдістемелік және ғылыми - әдістемелік істер»</p>	<p>Ереже</p>	<p align="center">Басылым 2 Дана №1 Бет 4 -11</p>

СТУДЕНТКЕ БАҒДАРЛАНҒАН ОҚЫТУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

Студентке бағдарланған оқыту (СБО) — білім беру процесін белсенді өзара іс-қимыл, студенттің дербестігі мен оның жеке білім алу траекториясын таңдау құқығы негізінде құруды көздейтін әдіснама.

Ереже медициналық колледжде студентке бағдарланған оқытуды іске асырудың қағидаттарын, тетіктері мен шарттарын айқындайды және білім беру жүйесі мен практикалық денсаулық сақтау саласының заманауи талаптарына сәйкес денсаулық сақтау мамандарын даярлау сапасын қамтамасыз етуге бағытталған.

1.2. Мақсаты


Білім алушылардың тұлғалық, кәсіби және академиялық дамуына бағытталған білім беру ортасын қалыптастыру, кәсіби құзыреттіліктерін, дербестігін, жауапкершілігін және өмір бойы білім алу дағдыларын дамыту.

1.3. Міндеттері

- білім алушылардың білім беру үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету;
- студенттердің жеке білім беру қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеру;
- сыни ойлау қабілетін, көшбасшылық қасиеттерін және шешім қабылдау дағдыларын дамыту;
- жеке білім беру траекторияларын таңдауға жағдай жасау;
- білім алушыларға академиялық қолдау көрсетуді қамтамасыз ету;
- білім беру нәтижелерінің сапасын арттыру.

2. Студентке бағдарланған оқытудың негізгі қағидаттары

Колледжде студентке бағдарланған оқыту келесі қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда медициналық жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Процесс картасы		СМЖ НП ПК 01 – 2026
	«Оқу-әдістемелік және ғылыми - әдістемелік істер»	Ереже	Басылым 2 Дана №1 Бет 5 -11

1. Білім алушыға бағдарлану – студентті білім беру үдерісінің белсенді қатысушысы ретінде тану және оның оқу үдерісіндегі рөлін арттыру.

2. Оқытуды дараландыру – білім алушылардың қабілеттерін, қызығушылықтарын, қажеттіліктері мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып оқытуды ұйымдастыру.

3. Белсенді оқыту – оқытудың интерактивті әдістерін, инновациялық технологияларды және тәжірибеге бағытталған тәсілдерді қолдану арқылы білім алушылардың танымдық белсенділігін дамыту.

4. Білім беру үдерісінің икемділігі – элективті пәндерді, факультативтерді және оқу қызметінің әртүрлі түрлерін таңдауға мүмкіндік беру арқылы жеке білім беру траекториясын қалыптастыруға жағдай жасау.

5. Оқытушы мен студент арасындағы серіктестік қарым-қатынас – өзара құрметке, сенімге, ынтымақтастыққа және академиялық қолдауға негізделген білім беру ортасын қалыптастыру.


6. Инклюзивтілік және мүмкіндіктер теңдігі – барлық білім алушылар үшін сапалы білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету және олардың жеке қажеттіліктерін ескеру.

7. Үздіксіз кері байланыс және білім беру үдерісін жетілдіру – білім алушылардың пікірлері мен ұсыныстарын ескере отырып, білім беру бағдарламалары мен оқыту сапасын тұрақты түрде жетілдіру.

3. Студентке бағдарланған оқытуды іске асыру нысандары

Колледжде студентке бағдарланған оқытуды жүзеге асыру мақсатында келесі заманауи білім беру технологиялары қолданылады:

- проблемалық-бағдарланған оқыту;
- кейс-әдіс (жағдаяттық оқыту);
- жобалық оқыту;
- симуляциялық оқыту;
- командалық оқыту;
- клиникалық жағдайлар негізінде оқыту;

	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда медициналық жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Процесс картасы		СМЖ НП ПК 01 – 2026
	«Оқу-әдістемелік және ғылыми - әдістемелік істер»	Ереже	Басылым 2 Дана №1 Бет 6 -11

- білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметі;
- цифрлық білім беру технологиялары;
- оқытушының жетекшілігімен білім алушылардың өзіндік жұмысы.

Аталған технологияларды қолдану білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға, сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруға, теориялық білімді тәжірибеде тиімді қолдануға және болашақ кәсіби қызметке даярлық деңгейін арттыруға бағытталған.

4. Білім алушылардың құқықтары


Білім алушылар:

- білім беру бағдарламаларын талқылауға және жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге;
- оқытудың мақсаттары, күтілетін нәтижелері және бағалау критерийлері туралы толық әрі қолжетімді ақпарат алуға;
- жобалық жұмыстардың, ғылыми-зерттеу жұмыстарының және жеке тапсырмалардың тақырыптарын таңдауға;
- колледждің алқалы басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- оқыту сапасына қатысты кері байланыс беруге және өз пікірін еркін білдіруге;
- академиялық, әдістемелік және психологиялық қолдау алуға;
- білім беру үдерісін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар енгізуге құқылы.

5. Оқытушылардың міндеттері

Оқытушылар:

- студентке бағдарланған оқытудың заманауи әдістері мен технологияларын қолдануға;
- білім алушыларға құрметпен қарауды және қолайлы психологиялық ахуалды қамтамасыз етуге;
- оқу жетістіктері бойынша уақтылы және сапалы кері байланыс ұсынуға;
- білім алушылардың жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеруге;

	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда медициналық жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Процесс картасы		СМЖ НП ПК 01 – 2026
	«Оқу-әдістемелік және ғылыми - әдістемелік істер»	Ереже	Басылым 2 Дана №1 Бет 7 -11

- студенттердің өзіндік білім алуына және кәсіби дамуына қолайлы жағдай жасауға;
- бағалаудың ашық, әділ және объективті критерийлерін қолдануға міндетті.

6. Білім алушыларға академиялық қолдау көрсету

Колледжде білім алушылардың академиялық, кәсіби және тұлғалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында келесі қолдау тетіктері жүзеге асырылады:


- кураторлық институт;
- оқытушылардың жеке және топтық консультациялары;
- тәлімгерлік (менторлық) қолдау;
- психологиялық қызмет;
- кітапханалық-ақпараттық ресурстар;
- электрондық білім беру ортасы;
- мансап орталығы және түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу қызметі.

Аталған қолдау түрлері білім алушылардың оқу жетістіктерін арттыруға, кәсіби бағдарлануына және білім беру үдерісіне табысты бейімделуіне ықпал етеді.

7. Кері байланыс және білім алушылардың қатысуы

Студентке бағдарланған оқытудың тиімділігін бағалау және білім алушылардың пікірін ескеру мақсатында колледжде келесі іс-шаралар тұрақты түрде жүргізіледі:

- студенттер арасында жылына кемінде екі рет сауалнама жүргізу;
- оқыту сапасына қанағаттану деңгейін анықтау бойынша әлеуметтік сауалнамалар өткізу;
- колледж әкімшілігінің білім алушылармен кездесулерін ұйымдастыру;
- білім алушылардың академиялық үлгеріміне мониторинг жүргізу;
- білім алушылардың өтініштері, ұсыныстары мен пікірлерін талдау;
- студент өкілдерінің білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комитеттер мен жұмыс топтарының құрамына қатысуын қамтамасыз ету.

	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда медициналық жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Процесс картасы		СМЖ НП ПК 01 – 2026
	«Оқу-әдістемелік және ғылыми - әдістемелік істер»	Ереже	Басылым 2 Дана №1 Бет 8 -11

Кері байланыс нәтижелері білім беру үдерісін жетілдіру, білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру және білім алушылардың қажеттіліктерін ескеру мақсатында пайдаланылады.

8. Мониторинг және тиімділікті бағалау

Студентке бағдарланған оқытуды іске асырудың тиімділігі келесі көрсеткіштер негізінде бағаланады:


- білім алушылардың қанағаттану деңгейі;
- академиялық үлгерім көрсеткіштері;
- білім алушылар контингентінің сақталуы;
- қорытынды аттестаттау нәтижелері;
- студенттердің ғылыми-зерттеу, қоғамдық және волонтерлік қызметке қатысу белсенділігі;
- түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштері;
- білім сапасын ішкі және сыртқы қамтамасыз ету нәтижелері.

Мониторинг нәтижелері білім беру үдерісін жетілдіру, білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру және студенттердің қажеттіліктеріне бағдарланған шешімдер қабылдау мақсатында қолданылады.

9. Жауапкершілік

Осы Ереженің талаптарын іске асыруға және орындалуын қамтамасыз етуге келесі тұлғалар жауапты болып табылады:

- директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары;
- бөлім меңгерушілері;
- пәндік әдістемелік бірлестіктердің төрайым/ төрағалары;
- оқытушылар;
- топ жетекшілері /эдвайзерлер/

	<p align="center">Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда медициналық жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Процесс картасы</p>		<p align="center">СМЖ НП ПК 01 – 2026</p>
	<p align="center">«Оқу-әдістемелік және ғылыми - әдістемелік істер»</p>	<p>Ереже</p>	<p align="center">Басылым 2 Дана №1 Бет 9 -11</p>

10. Қорытынды ережелер

10.1. Осы Ереже колледж директорының бұйрығымен бекітіледі және қолданысқа енгізіледі.

10.2. Ережені қайта қарау кемінде бес жылда бір рет немесе нормативтік-құқықтық талаптардың, білім беру стандарттарының және аккредиттеу талаптарының өзгеруіне байланысты қажеттілігіне қарай жүзеге асырылады.

1-қосымша

Студентке бағдарланған оқытудың тиімділік көрсеткіштері

Көрсеткіш	Нысаналы мән
Білім алушылардың оқу үдерісіне қанағаттану деңгейі	кемінде 80%
Студенттердің сауалнамаға қатысу деңгейі	кемінде 70%
Білім алушылардың академиялық үлгерімі	кемінде 85%
Түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші	кемінде 75%
Студенттердің өзін-өзі басқару ұйымдарына қатысу үлесі	кемінде 20%
Студенттердің ғылыми жобалар мен волонтерлік қызметке қатысуы	жыл сайынғы өсім

Ескертпе: Көрсеткіштердің орындалуы жыл сайын мониторинг нәтижелері бойынша бағаланып, колледждің білім беру қызметінің сапасын жетілдіру мақсатында талданады.

